

**Қ. Ө.Ташібаев, қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының профессоры**

*(Орталық-Қазақстан академиясы, Қарағанды қ.)*

**А. Қ. Ташибаева, Ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі**

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне процестік келісім деген жаңа институт енгізілді. Процестік келісімнің түсінігін заң шығарушы орган 7-баптың 37-тармағында былай береді: «қылмыстық процестің кез келген сатысында прокурор мен күдікті, айыпталушы немесе сотталушы немесе сотталған адам арасында ҚПК-те көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жасалған келісім».

Процестік келісім жасау мәселесі бойынша әдебиет беттерінде, ғылыми мақалаларда бұл институттың жағымды, тиімді жақтарымен қатар оның жағымсыз жақтары да көрсетілген. Жағымды жағына мынандай жағдайларды келтіруге болады, мысалы, сот келісім бойынша істі қарағанда іс бойынша жиналған материалдар толық талқыланбайды, негізінде тек қана айыпталушының айғақтарына сүйенеді, іс қысқартылған тәртіппен қаралады, сот отырысы тездетілген тәртіппен жүргізіледі. Мұның өзі қылмыстық жазаға тарту мерзімінің қылмыс жасау мерзімінен алшақтамауын көрсетеді. Судья жұмысының көлемін азайтады.

Екіншіден, сотқа дейінгі тергеу-тексеру жүргізетін органдарына өзге қылмыстарды тергеуге, оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстарды тергеп, тез және толық ашуға мүмкіндік туады.

Үшіншіден, қылмыстардың, жалпы құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды жасатпауға тәрбиелік әсер етеді.

Процестік келісім жасаудың жағымсыз жақтары:

Бірінші, жасалған қылмыс бойынша құқықтық маңызы бар мән-жайлардың толық анықталмауы мүмкін. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу органдары, процестік келісім жасауға итермелеу үшін әдейі айыптау көлемін ұлғайтуы мүмкін. Мысалы, қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде адам өлтірген айыпталушыны қасақана адам өлтірдің деп айыптауы.

Екінші бір нағыз қолайсыз жағдай: кейбір қарау, мейрімсіз, жалпы адамгершілік қасиеттері төмен адамдар қылмыстық жауапкершіліктен жалтару үшін басқа адамдарға жала жауып, жалған мәлімет беріп оларды қылмыстық жауапқа тартуға ықпал жасайды.

Процестік келісім бойынша қаралған істер туралы Ақмола облысы соттарының мәліметтері мынандай: 2015 жылдың басынан бастап процестік келісім жасаумен қаралған істердің саны 42, оның ішкі үкім шығарумен сақталған істер — 30, қайта келісім жасау қажеттілі көрсетіліп прокурорға қайтарылған істер — 9, іс жөнінде процестік келісім бойынша қараудан бас тартылған істер — 2, қылмыс іс процестік келісім жасауға негіз жоқ деген себеппен прокурорға қайтарылған іс — 1<sup>1</sup>.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші мәліметі бойынша 2015 жылы қысқартылған тәртіппен қарау үшін 20 мыңнан астам іс жіберілген (64 мың істен) ал оның үстіне процестік келісім жасалған істер саны — 4 мың.<sup>11</sup>

Тәжірибеде туындайтын, кейде дау тұғызатын (келіспеушілік туғызған) бірнеше мәселелер бар.

Егер прокурор процестік келісім жасаудан бас тартса, заң бойынша бұл шешімге шағым жасауға болмайды. Ал Ресейдің қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша мұндай шешімге шағым жасауға болады. Мысалы екі адам ұрлық жасады дейік, екеуі де кінәсін мойындап, процестік келісім жасауға келісім берсе, ал прокурор оның біреуімен келісім жасаса, екіншісімен келісім туындаған жағымсыз қарым-қатынас нәтижесінде жасамаса. Сот процестік келісім бойынша істі қарағанда, келіскен адамға жазаның жартысын

тағайындауы мүмкін, ал келісім жасамаған азаматқа, істі жалпы тәртіппен қарап, қатал жаза тағайындауы мүмкін. Нәтижесінде, іс бойынша әділ шешім қабылданбайды, сол себепті Ресейдің заңы сияқты біздің де іс жүргізу кодексіне тиісті толықтыру енгізу қажет, яғни прокурордың келісім жасаудан бас тарту шешіміне шағым беру жөнінде.

Осындай тағы бір мысал. Қылмысты жасаған екі адамның біреуі кінәсін мойындап процестік келісім жасауға өтініш білдіреді, екіншісі кінәсін мойындамайды. Кінәсін мойындап келісім жасаған адам жөнінде ҚПК-тің 44-бабына сәйкес материалдарды бөлектеп сотқа жібереді. Сот материалдары қысқартылған тәртіппен қарап, процестік келісім жасау негізінде оған тиісті жазасын тағайындайды. Ал кінәсін мойындамаған екінші азамат жөнінде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталған соң, іс сотқа түседі. Сот жалпы тәртіппен істі қарап, оның кінәсіздігіне көзі жеткеннен кейін, аяқтау үкімін шығарды делік. Нәтижесінде екі түрлі шешім қабылданады. Заңды білмеген, толық түсінбеген адамдарда сот әділдігі деген түсінікке күмән келуі мүмкін, себебі бір қылмыс жасаған екі адам жөнінде екі түрлі шешім қабылданды емес пе?

Келесі бір келіспеушілік туғызатын мәселесі. Егерде судья процестік келісімде көрсетілген қылмыстық саралануымен, азаматтық талап қоюдың мөлшерімен не жазаның түрімен немесе оның мөлшерімен келіспей, істі прокурорға қайтару туралы шешім қабылдайды. Содан кейін сол іс бойынша жалпы ереже бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін, қылмыстың іс айыптау актісімен сотқа келіп түсті делік. Істі прокурорға қайтарған судья айыптау актісімен келіп түскен сол істі қайта қарауға құқығы бар ма, әлде жоқ па деген сұрақ туындайды. Біздің пікіріміз бойынша ол судья істі қарамауға тиіс, себебі ҚПК-тің 87-бабында мынандай ереже бар: егер судья осы іске жеке, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп санауға негіз болатын өзге де мән-жайлар болса, судья істі қарауға қатыса алмайды.

Процестік келісім екі жақты болса да айыптау жағының міндеті анықталмаған. Прокурор тек қана келісім жасалған істі сотта қысқартылған тәртіппен қарауды ұсынуы мүмкін (ҚПК-тің 382-бабы) Айыпталушыға, сотталушыға нақты жеңілдік жасаймын деп айтуға не сөз беруге прокурордың құқығы жоқ. Оның үстіне сот процестік келісім жасауға негіз жоқ деген себеппен, істі прокурорға қайтаруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы ҚПК-тің 67-бабында қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа негізі айқындалған. Атап айтқанда «процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылу мүмкін», — делінген.

Қазақстан Республикасы ҚПК-тің 55-бабының 3 бөлігіне сәйкес жеңілдетілген тергеп-тексеру істері бойынша, сондай процестік келісімнің барлық талаптары орындалған істер бойынша, жасалған қылмыс үшін тағайындалатын жазаның мөлшері мен мерзімі заңда көрсетілген жазаның жартысынан аспауы қажет делінген.

Сонымен күдікті, айыпталушы ерікті түрде ниет білдірсе, іс бойынша жиналған дәлелдемелер мен өзі келтірген зиянның мөлшері мен сипатымен дауласпаса, жәбірленуші келіскен жағдайда, процестік келісім жасалады.

Сот істі қарау барысында сотталушының осы мәселе бойынша көзқарасын ерікті түрде жасалған-жасалмағанын анықтау қажет. Егерде бұл сұрақтар туралы күмән туса, сот істі келісім бойынша қараудан бас тартады, сонымен бірге істі прокурорға қайтарады.

Тағы бір айта кететін жағдай қылмыстық іс жүргізу заңына сәйкес күдікті, айыпталушы, сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін, процестік келісімнен бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда сот қандай шешім қабылдауы мүмкін? Заң бұл сұраққа жауап бермейді. Біздің ойымызша сот істі прокурорға қайтару керек, себебі іс бойынша айыптау актісі жоқ, ал айыптау актісі жоқ істі жалпы ереже бойынша қарауға мүмкіндік жоқ.

Процестік келісім жасалғанда күдіктінің мәртебесі, статусы айыпталушы, сотталушы мәртебесіне өзгере ме, әлде жоқ па?

Жалпы ереже бойынша айыпталушы айыптау актісін прокурор бекіткеннен кейін пайда болады, яғни сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысында тек қана күдікті бар, ал тергеу аяқталғаннан кейін, прокурор айыптау актісін бекіткен соң айыпталушы пайда болады, күдіктінің мәртебесі айыпталушыға ауысады. Ал айыпталушының сотталушыға ауысуы, яғни сотталушы мәртебесін алуы басты сот талқылануы тағайындалумен байланысады. Сот мәжілісінде тек сотталушы бар, күдікті мен айыпталушының статусы

өзгерген. Осы мәселе бойынша заң шығарушы орган тиісті түсініктеме беруі қажет деп атаймыз.

Процестік келісіммен аяқталған сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталуының бір нысаны деп тануға бола ма? Қазіргі қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүргізіледі. Ал сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталу нысандары:

1) айыптау актісімен істі сотқа беру үшін прокурорға жіберу;

2) іс бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін сотқа беру туралы қаулымен прокурорға жіберу;

3) іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қысқарту туралы қаулы шығарылады.

Ал процестік келісім сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында кез келген уақытында қабылдануы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізімінде тіркелгеннен бастап тергеу әрекеттерін жүргізу басталады, ал күдікті мысалы 10-15 күн өткеннен кейін, процестік келісім жасау туралы өтінішхат жолдаса, заң бойынша прокурор тергеу мерзімінің өткенін күтпей, тиісті шешім қабылдауға тиіс. Сонда айыптау актісі жасалмайды, процестік келісім жасалады, оған прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды, содан кейін іс сотқа жіберіледі.

Қорыта айтқанда процестік келісім жасауды біздің пікіріміз бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының бір нысаны деп тану қажет және процестік келісім жасау мерзімін «қисынды мерзім ішінде» деп анықтап, қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек деп санаймыз, мысалы сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары деп аталады 189-бапқа және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдері деп аталатын 192-бапқа.

---

<sup>i</sup> Бердигулова Ж. Қ Проблемные вопросы, возникающие при заключении процессуальных соглашений // Электронный ресурс: [akm.sud.kz](http://akm.sud.kz).

<sup>ii</sup> Меркель И. Анализ применения новелл УК и УПК РК // Закон и время, — 2016. — № 3. — С. 9-10.